

**«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені» ЖШС**

**2020-2021 оқу жылында жүргізілген оқу-  
әдістемелік іс-шараларының сараптамасы  
және 2021-2022 оқу жылына арналған  
міндеттері**

**Тақырыбы:** "Жаңартылған білім беру мазмұны негізінде  
цифрландыру үдерісін енгізе отырып, оқушыларға нәтижелі білім  
мен тәрбие беру

**Түркістан қаласы, 2020-2021 оқу жылы**

**2020-2021 оқу жылында жүргізілген оқу-әдістемелік іс-шараларының сараптамасы және  
2021-2022 оқу жылына арналған міндеттері**

**Тақырыбы:** "Жанартылған білім беру мазмұны негізінде цифрландыру үдерісін енгізе отырып, оқушыларға нәтижелі білім мен тәрбие беру

**Мақсаты:**

Жанартылған білім беру негізінде білім бере отырып, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін шыңдап, білім сапасын арттыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру.

**Міндеттері:**

- \*Оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру;
- \* пәнді меңгеруде ойлау қабілетін дамытуға бағыттау;
- \* білім беру әрекеттерін жоғары ғылыми - әдістемелік негізде құру;
- \* тиімді кері байланыс бере отырып, оқушының білімге құштарлығының басым болуына қол жеткізу;
- \* нақты оқу мақсатына жету

**Күтілетін нәтиже:**

Білім беру жүйесін жаңғырту мен жетілдіруде нақты іс-қимыл жоспарының көмегімен – қоғамға бейімделген жан жақты тұлға қалыптастыру

**V. Бағдарламаны іске асыру тетіктері**

**2018-2019 оқу жылы**

Білім беру үдерісінде жанартылған білім беру негізінде сабақ беру

**2019-2020 оқу жылы**

Жанартылған білім беру негізінде мұғалімдердің шеберліктерін шыңдау, ішкі, сыртқы қоғамдастық жұмысын жандандыру

**2020-2021 оқу жылы**

өзара тәжірибе алмасу, қоғамдастық жұмысын дамыту

**2021-2022 оқу жылы**

Оқу үрдісін сапалы басқару - оқу үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші

**2022-2023 оқу жылы**

Педагогтардың озық тәжірибесін жинақтау, тарату

**Оқу үдерісін сапалы басқару - оқу үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші**

«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені» ЖШС ғимараты 2017 жылдың 1 қыркүйегінде іске қосылған.

**Мекенжайы:** 161200, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Т.Рамбердиев көшесі, 1Б. Байланыс телефоны: 87253326828

E-mail: keremet-too@mail.ru

Мектеп төмендегі нормативті-құқықтық құжаттар негізінде жұмыс жасайды:

1. Заңды тұлғаны Мемлекеттік тіркеу туралы анықтама: БИН 170740014741, 14.07.2017ж. Түркістан облысы Түркістан қаласының әділет басқармасы.
2. «Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені» ЖШС жарғысы. Мекеменің жарғысы 2017 жылы қатысушылардың жалпы жиналысының №1 хаттамасымен бекітілген.
3. Жалпы орта білім беру саласында білім беру қызметімен айналасуға берілген Мемлекеттік лицензия. №KZ66LAA00010265, 29.09.2017 жылы, берілген орны Түркістан қаласы.

4. Мектептің 2021-2022 оқу жылына дайындығын тексеру, от жағу маусымына дайындығы туралы актісі бар.
5. Кадастр нөмірі: 19-307-028-1948;
6. Мектептің техникалық паспорты № 04-14071 2020 жылы 29 маусымда Түркістан облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығында жасалған.
7. Мектеп директоры: Куатбекова Райхан Турсиновна  
2020-2021 оқу жылында үш этажды жаңа ғимараттың салыну жұмысы бастау алды. Нақтырақ айтар болсақ, мектептің тағы бір жаңа ғимаратының құрылысы 2020 жылдың наурыз айында басталды.

**Оқу-тәрбие үрдісінде басшылыққа алатын нормативтік құжаттар:**

1. Қазақстан республикасының "Білім туралы заңы"
2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттамасы) 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 332 б.
3. ҚР Үкіметінің 17.05.2013 жылғы № 499 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдары қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережелері мен ҚР БЖҒМ 17.09.2013 жылғы № 375 бұйрығымен бекіткен білім беру ұйымдары қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережелері;
4. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы Әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды»  
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2020ж 28 тамыз №ҚР ДСМ -98/2020 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 ж 16 тамыздағы №611 қосымша "Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық - эпидемиологиялық талаптар" санитарлық қағидаларын;  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);  
1) мектепалды даярлық сыныбы/тобында:  
"Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы  
✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы.  
2) 1-4-сыныптарда білім беру процесі:  
✓ ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;  
✓ ✓ ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;  
✓ ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 1-4-сынып 1- қосымша;



|           |    |    |    |     |     |    |    |
|-----------|----|----|----|-----|-----|----|----|
| 2017-2018 | 50 | 50 | 50 | 46  | 10  | 19 | -  |
| 2018-2019 | 50 | 50 | 75 | 94  | 60  | -  | 23 |
| 2019-2020 | 50 | 75 | 75 | 143 | 100 | 48 | 18 |
| 2020-2021 | 50 | 75 | 75 | 112 | 139 | 82 | 44 |

**Кадрлық құрамы:**

**Кадрлық құрамы:**

Мектепте 25 мұғалім қызмет атқарады, барлық педагогикалық ұжым мамандығы бойынша жұмыс істейді. «Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені толыққанды педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілді. Жұмыс жасайтын педагогтардың басым бөлігі жоғары білімді, жоғары санатты және жаңа форматтағы статус иелері болып келеді.

| Жылдары/жалпы саны | білімі |     |              |    | Біліктілік санаты |    |                 |    |                     |     |                |     |           |     |
|--------------------|--------|-----|--------------|----|-------------------|----|-----------------|----|---------------------|-----|----------------|-----|-----------|-----|
|                    | жоғары | %   | Арнаулы орта | %  | Педагог шебер     | %  | Жоғары Пед зерт | %  | Бірінші Пед эксперт | %   | Екінші Пед мол | %   | Санат жоқ | %   |
| 2020/25            | 23     | 92% | 2            | 8% | 1                 | 4% | 2               | 8% | 3                   | 12% | 10             | 40% | 9         | 36% |

Кадрлармен жұмыс жасау мәселесі әкімшіліктің бақылауында. Әкімшілік өз қызметі барысында кәсіподақ ұйымымен тығыз байланыста. Ұжымдағы моральдік – психологиялық жағдай "калыпты" деңгейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы және 2018 жылғы 12 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін адамдарды аттестаттаудан өткізу ережесін бекіту туралы» бұйрықтары бойынша перспективалық жоспарға сай 2020-2021 оқу жылында

| 2020-2021 оқу жылы |   | Екінші санат, педагог - модератор |              | бірінші санат педагог-эксперт |              | Жоғары санат Педагог-зерттеуші |              |
|--------------------|---|-----------------------------------|--------------|-------------------------------|--------------|--------------------------------|--------------|
|                    |   | Санат көтеру                      | Қайта қорғау | Санат көтеру                  | Қайта қорғау | Санат көтеру                   | Қайта қорғау |
| Өтініш берген      | 8 | 8                                 |              | 2                             |              |                                |              |
| қорғаған           | 6 | 6                                 |              |                               |              |                                |              |

Педагог - модераторға берген 2 мұғалім, педагог-сарапшыға 2 мұғалім қвал тесттан өтпеді. Педагог-модераторға өтініш берген 8 мұғалімнің 6-ауы өтті қвал тесттен.

### Біліктілік арттыру курстарынан өту мониторингі

| Жылдар  | 2017-2018 | 2018-2019 | 2019-2020 | 2020-2021 |
|---|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Мұғалімдер саны   | 11        | 15        | 24        | 25        |
| БАК өткендер саны   | 8         | 5         | 9         | 21        |
| Үлесі %   | 72,7%     | 33,3%     | 37,5%     | 84%       |
| Курстың атауы   | 2017-2018 | 2018-2019 | 2019-2020 | 2020-2021 |
| ҚР орта білім мазмұнын жанарту шеңберінде біліктілікті арттыру курсы "Өрлеу" БАҰО | 6         | 3         | 4         | 15        |
| Vilge халықаралық ақыл-ойды дамыту курсы  | 1         |           |           |           |
| НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығы   | 1         | 1         | 1         |           |
| Учебный центр TETRA   |           | 1         |           |           |
| NIS орталығынан   |           |           | 3         | 1         |
| Ы.Алтынсарин ҰБА курсы  |           |           | 1         |           |
| Қашықтықтан педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту                           |           |           |           |           |
| «Самғау» БАК  |           |           |           | 2         |
| Общественный фонд «Международная академия наук экологий, инженерии и педагогики»  |           |           |           | 1         |
| Респуб. Ғылыми әдіскерлік және педагогикалық БАО                                  |           |           |           | 1         |
| «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕ АҚ                                  |           |           |           | 1         |

### Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамының динамикасы

|                      | 2017-2018 | 2018-2019 | 2019-2020 | 2020-2021 |
|----------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Жалпы саны           | 11        | 15        | 24        | 25        |
| Жоғары білімді       | 11        | 13        | 23        | 23        |
| Арнаулы орта білімді | 0         | 2         | 1         | 2         |
| Магистр              | жоқ       | Жоқ       | 2         | 2         |
| Жоғары санатты       | 1         | 1         | 1         | 1         |
| Бірінші санатты      | 2         | 3         | 3         | 3         |
| Екінші               | 3         | 5         | 5         | 8         |

|            |   |   |    |    |
|------------|---|---|----|----|
| саятты     |   |   |    |    |
| Санаты жоқ | 5 | 6 | 14 | 11 |

### Педагогикалық кадрлардың біліктілік арттыру перспективасы

| Пәні            | 2017-2018 | 2018-2019 | 2019-2020 | 2020-2021 |
|-----------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Қазық тілі      | 0         | 0         | 1         | 1         |
| Орыс тілі       | 0         | 1         | 1         | 1         |
| Ағылшын тілі    | 1         | 1         | 1         | 2         |
| математика      | 0         | 0         | 0         | 0         |
| информатика     | 0         | 0         | 1         | 1         |
| Өзін - өзі тану | 1         | 3         | 8         | 8         |
| Дене шынықтыру  | 0         | 0         | 0         | 0         |
| технология      | 0         | 1         | 2         | 2         |
| музыка          | 0         | 1         | 1         | 1         |

### Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сыныптардың кітаппен қамтылуы

| сынып | 2020-2021 | жеткілікті | 2021-2022 | жеткілікті |
|-------|-----------|------------|-----------|------------|
| 1     | 100       | 100        | 100       | 100        |
| 2     | 100       | 100        | 100       | 100        |
| 3     | 100       | 100        | 100       | 100        |
| 4     | 100       | 100        | 100       | 100        |

### 2017-2021 оқу жылдарындағы білім сапасы мен оқу үлгерімі

|                | 2017-2018 | 2018-2019 | 2019-2020 | 2020-2021 |
|----------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Үлгерім        | 100%      | 100%      | 100%      | 100%      |
| Білім сапасы % | 69,7%     | 67,8%     | 68,67 %   | 73,58 %   |

### Сыныптар бойынша білім сапасы

| Сыныптар | 2017-2018 | 2018-2019 | 2019-2020 | 2020-2021 |
|----------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| 1-сынып  | 86,96%    | 70,21%    | 79,73%    |           |
| 2-сынып  | 60%       | 75%       | 63%       | 71,94%    |
| 3-сынып  | 69,7%     | -         | 70,83%    | 70,73%    |

|         |   |        |        |        |
|---------|---|--------|--------|--------|
| 4-сынып | - | 39,13% | 72,22% | 84,09% |
|---------|---|--------|--------|--------|

2020-2021 оқу жылында тоқсан бойынша жылдағы оқушылардың білім сапасының негізгі көрсеткіштері

| Сыныптар бойынша білім сапасы |              |        |        |        |        |        |
|-------------------------------|--------------|--------|--------|--------|--------|--------|
|                               | Тоқсан/сынып | 1      | 2      | 3      | 4      | жылдық |
| 1                             | 2-сынып      | 57,94% | 64,36% | 68,57% | 74,1%  | 71,94% |
| 2                             | 3-сынып      | 61,39% | 61,62% | 69,1%  | 74,39% | 70,73% |
| 3                             | 4-сынып      | 62,12% | 68,85% | 86,05% | 81,82% | 84,09  |

#### 5 жылғы білім сапасының салыстырмалы мониторингі

2017-2018 оқу жылы – 69,7 %

2018-2019 оқу жылы – 67,8 %

2019-2020 оқу жылы – 68,67%

2020-2021 оқу жылы – 73,58%

#### Қорытынды:

2020-2021 оқу жылында штаттық кестеде оқыдық. Кезекші сыныптар ұйымдастырылды. Алғашқы бірінші тоқсанда тек бірінші сыныптар кезекші сыныптарды штаттық режимде білім алды. Екінші тоқсанныан бастап 1, 2, 3, 4-сыныптар барлығы кезекші сыныпта штаттық режимде оқыды. 2020-2021 оқу жылында 1- сыныптар қорытылмады. Қорытынды: Жыл бойы көлемінде мектеп оқушыларының оқу үлгерімі 100% Қорытылмаған оқушы жоқ.

COVID-19 пандемияға байланысты 1 тоқсан бойы 2, 3, 4-сыныптар қашықтықтан оқыдық. Қашықтықтан білім беруде WhatsApp, телеграмм мессенджерін пайдаланды. 2-4-сыныптарда қашықтан оқыту жүзеге асырылды. Қашықтан оқытуды жүргізу туралы мектептің педагогикалық ұжымымен онлайн түсіндіру жұмысы, әдістемелік көмек берілді. Жалпы мектеп ата- аналарына, сыныптарға жекелеме түсіндіру жұмысы жүргізілді. Мектепте құрылған штаб жұмысы жүйелі ұйымдастырылды.

1-4- сынып аралығында оқушыларға толықтай пән мұғалімдері тарапынан "WhatsApp" желісі арқылы тақырыпты түсіндіру, тапсырмалар беру жұмысы жүргізілді. "Балапан" теле арнасының кестесі арқылы сабақтарды көрді. "Дарын онлайн", "Білім медиа" платформасын тақырыпты түсіну үшін қосымша пайдалану интернет желісінің қолжетімділігіне қарай оқушыларға ұсынылды. Оқушылар пән мұғалімдеріне берілген тапсырмалар негізінде "WhatsApp" желісі арқылы кері байланыс алды.

1, 2, 3, 4 тоқсанды санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, екі ауысымда штаттық режимде стандартқа сай барлық пәнді оқыдық.

#### 1-4 сыныптар бойынша білім сапасының мониторингі

| классы | 2019-2020 | 2020-2021 | динамика |
|--------|-----------|-----------|----------|
| 1      | 79,73%    |           |          |
| 2      | 63%       | 71,94%    | +8,94    |
| 3      | 70,83%    | 70,73%    | -0,1     |

|   |        |        |        |
|---|--------|--------|--------|
| 4 | 72,22% | 84,09% | +11,87 |
|---|--------|--------|--------|

**Қорытынды:**

Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасы «қанағаттанарлық» 75-90% аралығында.

**Буындар бойынша оқушылар контингенті оқу жылы басымен**

| № | Сыныптар       | 2017-2018  |            | 2018-2019  |            | 2019-2020  |            | 2020-2021  |            |
|---|----------------|------------|------------|------------|------------|------------|------------|------------|------------|
|   |                | сынып саны | оқушы саны | сынып саны | Оқушы Саны | сынып саны | оқушы саны | сынып саны | Оқушы саны |
| 1 | Бастауыш       | 5          | 76         | 8          | 198        | 14         | 329        | 16         | 386        |
| 2 | Мектеп бойынша | 5          | 75         | 8          | 198        | 14         | 329        | 16         | 386        |

| № | Сыныптар       | 2017-2018  |            | 2018-2019  |            | 2019-2020  |            | 2020-2021  |            |
|---|----------------|------------|------------|------------|------------|------------|------------|------------|------------|
|   |                | сынып саны | оқушы саны | сынып саны | Оқушы Саны | сынып саны | оқушы саны | сынып саны | Оқушы саны |
| 1 | Бастауыш       | 5          | 75         | 8          | 177        | 14         | 309        | 16         | 377        |
| 2 | Мектеп бойынша | 5          | 75         | 8          | 177        | 14         | 309        | 16         | 377        |

**Буындар бойынша оқушылар контингенті оқу жылы аяғымен**

**Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру және жүргізудің жоспарына сай  
Мектептің жылдық жұмыс жоспары (оның ішінде мектепшілік бақылау )**

Мектеп құжаттарының орындалуын бақылау бойынша сынып журналының жүргізілуі ай сайын тексерілді. Қыркүйек айынан бастап, "Күнделік KZ" электрондық журналының күнделікті толтырылуын бақылау мониторингі жүргізілді. Электрондық сынып журналының жүргізілуі туралы барлық мұғалімдерге "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығы.

29.08.2020 ж толық нұсқау берілді. Тексеру барысында анықталған олқылықтар директор жанындағы кеңесте қаралып, пән мұғалімдерімен жіберілген олқылықтарды жою шарасы жасалды. Журнал тексеру қорытындысы директор жанындағы кеңесте қаралып, төмендегі ұсыныстар айтылды.

**Ұсыныс:**

1. "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығы негізінде журнал толтыруға қойылатын талаптарды қатаң сақтасын.
2. Мұғалім оқушының білімін жүйелі түрде тексеруге және бағалауға, сандай-ақ оқушылардың сабаққа қатысуын әр сабақта белгілеу педагогикалық кеңес шешемімен сынып жетекшілеріне міндеттелді.
3. Жазба жұмысының бағалары, ЖБ,ТЖБ балдары сол жұмыс өткізілген күннің бағанына қойылады.
4. Өткізілген практикалық, зертханалық жұмыстардың, жазба жұмыстарының тақырыптары нақты көрсетілуі керек.
5. Журнал толтыру бойынша ескерту алған мұғалімде олқылықтарды бірден түзетіп отырды.

Жазбаша тоқсандық қорытынды бақылау, практикалық және зертханалық жұмыстардың нормасының орындалуы, мемлекеттік стандарттың орындалуы жекелеме, тақырыптық бақылау арқылы жүзеге асырылды.

**Мектептегі әдістемелік қызмет жоспарға сай ұйымдастырылды.**

**- Әдістемелік бірлестіктердің жұмысын талдау.**

ӘБ жетекшілері ӘБ отырысын өткізеді және мұғалімдер мен оқушылардың әдістемелік көмекке қажеттілігін, критериялды бағалау, тәлімгерлік мәселелері анықталды.

Мектеп басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасарының рефлексивті есебінің нәтижесі бойынша кейбір сұрақтар, әсіресе рефлексивті есептерде өткір белгіленген, мектептің әдістемелік кеңесінің отырысына шығарылды.

Рефлексивті есеп нәтижелері бойынша әрбір мұғалімнің, соның ішінде жалпы ӘБ жұмысының мониторингі жасалды.

Формативті және жиынтық бағалаумен байланысты үдерістер мен рәсімдерлі бағалау және іске асыру жүйесінің сапасын бақылауға ерекше назар аударылды. Ол үшін коучинг, тренинг, менторлық (тәлімгерлік) ұйымдастыру арқылы бағалау рәсімін өткізуде мұғалімдердің әдістемелік қолдауы жүзеге асырылды. Сабақта формативті бағалауды қолдану практикасының тиімділігін жүйелі талдауды қамтамасыз ету үшін ӘБ жетекшісі сабақтарға қатысу жоспарын жасады. Сабақтарға қатысу қорытындысы бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі мен мұғалімдерге оқыту үдерісінде формативті бағалау процедураларының реттілігі мен дұрыс іске асырылуы бойынша конструктивті кері байланыс берілді. (Мұғалімдерде тәжірибеде қолдану үшін формативті бағалау бойынша материалдар жинақталған).

Әр тоқсан және бөлімдер үшін жиынтық бағалау бойынша жоспар жасалды. Бастауыш сыныптарда жұмыс істейтін пән мұғалімдерімен жеке кеңес өткізілді. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізгеннен кейін, нормативтік және әдістемелік құжаттарда белгіленген тәртіпке сәйкес білім алушылардың жұмыстары қарастырылды. (Жиынтық бағалау бойынша есептер уақытында тапсырылды.)

Қазіргі таңда көшбасшы мұғалімдердің өз жұмысын жандандыруына мүмкіндігі мол. Көшбасшының мектеп басшысы болуы міндетті емес. Олар қандай да бір билік тарапынан тәуелсіз болып табылады, керісінше, мектеп әкімшілігінің қолдауына ие. Олар өз жоспарлары мен идеяларын ұсына алады, алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруда белсенді, ниеттес әріптестерінің күш - жігеріне сенім арта алады, яғни «жоғары лауазымсыз да жақсы мұғалімдердің кәсіби шеберліктері мен адамгершілік сенімдерін қолданып адамдарға әсер етуге болады». Мектептегі әдістемелік қызметтің жандануына бөлінген көшбасшылықты дамыту мақсатында мұғалімдер арасында жекелеген тапсырмалар бере отырып, мұғалімдердің кәсіби деңгейінің артыруына ықпал етті. Мектептегі мұғалімдер арасында бөлінген көшбасшылықты жетілдіру, мектеп жұмысын жандандырды. Қазіргі таңда көшбасшы мұғалімдердің өз жұмысын жандандыруына мүмкіндігі мол. Көшбасшының мектеп басшысы болуы міндетті емес. Олар қандай да бір билік тарапынан тәуелсіз болып табылады, керісінше, мектеп әкімшілігінің қолдауына ие. Олар өз жоспарлары мен идеяларын ұсына алады, алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруда белсенді, ниеттес әріптестерінің күш - жігеріне сенім арта алады, яғни «жоғары лауазымсыз да жақсы мұғалімдердің кәсіби шеберліктері мен адамгершілік сенімдерін қолданып адамдарға әсер етуге болады». Көшбасшы - жауапкершілігі зор, өз әрекетінде істі аяқтауға деген ұмтылысы, мақсатқа жетуге деген табандылығы, мәселелерді шешуде сенімділігі, айналасындағыларға әсер ету қабілеті бар белсенді Мектебіміздегі күшті жақ "Үштік одақ" жұмысының бірлескен, ынтымақтастықта жұмыс жасайтыны және педагогикалық кадрлардың

сапалық құрамы жоғары екендігі айқын көрінді. Оқу-тәрбие үдерісі кеңістігіне қатысушылар арасындағы ынтымақтастықтағы біріккен жұмысты жүзеге асыру үшін де көп жұмыс жасау қажет және ынтымақтастықтағы жұмыстың маңызы зор екендігін түсіндіре отырып, жүйелі жұмыстар жүргізілді. Мектепті дамыту мақсатында көшбасшы мұғалімдермен бірлескен "әдістемелік қызмет жандандыру мақсатында жоспар бойынша менторинг және коучинг, вебинарлар қашықтына жүргізілді. Мұғалімдер мен оқушылардың кері байланыстары алынып, тиісінше жұмыс жоспары қайта қаралып, жан - жақты талқыланып, күтілетін нәтиже ескеріле отырып, қайта жоспарланады. Осындай қызу жұмыстардың нәтижесінде орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарларды түзу жетілдіріліп, оқушылардың оқуын жақсартуға барынша назар аударылып отыр. Мұғалімдердің көшбасшылығы кәсіби желілік қауымдастықтарда айқын көрініс беруде. Мектебіміздің мұғалімдерінің кәсіби желілік қауымдастығы басқа да қауымдастықтармен қашықтықтан кәсіби байланыс жасап, өз тәжірибелерімен бөлісуде.

Оқу жылы бойынша мұғалімдеріміз қалалық, облыстық, қашықтық республикалық кәсіби деңгейдегі байқауларға қатысты. Қашықтық онлайн курстан 100% өтті.

#### **- Оқу қызметін талдау.**

Мектеп ғимараты: бірінші корпус 380 орындық, екінші корпус 175 орындық. 2019 – 2020 оқу жылы мектептің жалпы білім беру жүйесінде күндізгі оқыту түрінде 14 бастауыш сынып, 8 қазақ, 6 орыс сыныптар болды.

2019 – 2020 оқу жылының басында 1-4 сыныптарда 326 оқушы болды. Сынып комплекті - 14. Оқу жылының қорытындысы бойынша 309 оқушы аяқтады.

2020 – 2021 оқу жылы мектептің жалпы білім беру жүйесінде күндізгі оқыту түрінде 16 бастауыш сынып, 8 қазақ, 8 орыс сыныптар болды.

Мектеп екі ауысымда және ұзартылған күн тобымен жұмыс істейді. Сабақ кестесі негізінен санитарлық-гигиеналық талаптарға және жұмыс оқу жоспарына сәйкес құрастырылды. Биылғы оқу жылының басталу үрдісі оңай болмады. Онлайн форматтағы оқу жүйесімен бастау алды оқу жылы. Алайда, бірінші сыныптарға кезекші топтар ұйымдастырылды. Сонан соң екінші тоқсаннан бастап қалған сыныптарға да кезекші сыныптар жүйесі ұйымдастырылды. Кезекші сыныпта 15 баладан оқытылды. Санитарлық нормалардың барлық қағидалары қадағаланып, талаптарға сай жұмыс жасалды.

Мектепте биылғы оқу жылының басында 1-4 сыныптарда 386 оқушы болды. Сынып комплекті - 16. Оқу жылының қорытындысы бойынша 374 оқушы аяқтады. 1-4 сынып оқушыларына қосымша дайындық жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жыл бойы консультациялар өткізілді. Мектеп мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) стандарт талаптарына сай. Білім алушылардың білімі мен іскерлігін бағалау нәтижелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес деп есептелді. Бастауыш сыныптардағы шет тілі (ағылшын тілі, орыс тілі) пәндерінің берілу сапасы, оқушылардың білім сапасы тексерілді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақ жүргізу сапасы, балаларды мектеп оқуына дайындау жолдары бақыланды. 1-4

сыныптардағы дене шынықтыру пәндері мұғалімдерінің сабақ өткізу әдістемелері, сабақ сапасы тексерілді. 1-4 сынып оқушыларының жыл бойы алған білімдері, сауатты жазу, есептей білу, есеп шығару қабілеті, қатесіз мәнерлеп оқи білуі, оқу жылдамдық нормасын орындау қабілеттері тексерілді.

2020-2021 оқу жылына мектептің тәрбие беру саясаты негізінде тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру жоспарланып, бекітілді. Мектептің төртінші сынып бітіруші түлек тұлғасының моделі жасалды.

*Дарынды оқушыларды іріктеп, олармен мынадай жұмыс түрлері жүргізілді:*

Қазіргі уақытта дарынды балалармен жұмыс істейтін бірнеше жұмыс формалары бар: интеллектуалды сайыстар, зияткерлік пән олимпиадалары, ғылыми – зерттеу жұмыстары, балалардың көркем әдеби шығармашылық конкурстары, спорттық сайыстар. Дарынды оқушылармен жұмыс пән мұғалімдерінің ата-аналармен, психологтармен, мектеп әкімшілігімен тығыз байланыс жағдайында өткізіледі. Мектебімізде дарынды балалармен жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілді.

Дарынды оқушылармен жасалынатын жұмыс түрлері:

1. Баланың қызығушылығына әрі табиғатына қарай ғылыми жұмысқа баулу;
2. Пәндік олимпиадалық жұмыстарға дайындау;
3. Қазіргі кезде жақсы дамып келе жатқан дебаттарға, пікір – сайыс яғни интеллектуалды ойындарға дайындау;
4. Мектептің ғылыми қоғамындағы үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.

Дарынды балалармен жұмыс олардың мектепішілік интеллектуалды байқауларға қатысуымен шектелмейді, оқушылардың қалалық, облыстық және республикалық ойындарға қатысуы дәстүрге айналып келеді, оқушыларды олимпиадаға және түрлі зияткерлік сайыстарға қатыстырғанда үздіксіз білім беру жұмысының тиімділігі көрініп тұрады.

Дарынды оқушыларды мақсатты түрде анықтау, іріктеу жоспарға сәйкес мектеп психологы мен сынып жетекшілерінің бірлесе жүргізген диагностикалық зерттеулерінің көмегімен жүзеге асырылды. Дарынды балалардың икемі мен бағытына байланысты қосымша білім алуына сынып жетекшілер тарапынан мүмкіндік жасалынды, қосымша сабақтар өткізіліп білімдерін шыңдады.

Дарынды оқушылармен жұмыс істейтін пән мұғалімдері мен сынып жетекшілер дарынды балалармен сабақтарды ұйымдастырып, оқушыларды олимпиадаларға, байқауларға, мектепішілік, аудандық, қалалық, республикалық деңгейдегі білім сайыстарына қатыстырды. Атап өтетін болсақ: 1-4 сынып оқушыларымыз «ALTYN QYRAN» ерекше дарын иесі облыстық зияткерлік олимпиадасына қатысып, 25 оқушымыз жүлделі орындарға ие болды. Соның ішінде 2"Ә"- сынып оқушысы Абдрахман Рамазан - I орын иегері атанды (жетекшісі Жадилова Г.А.), 2 "Ә" сынып оқушысы Еділбай Нұрәділ (жетекшісі Жадилова Г.А.) және 4 "А" сынып оқушысы Дүйсенхан Ердаулет - II орынды жеңіп алды (жетекшісі Дулдулова Г.Х.). Ал қалған оқушыларымыз -III орын жеңімпаздары атанды.

Сонымен қатар 2-сынып оқушылары арасында 11 оқушымыз «Самұрық» республикалық математикалық зияткерлік олимпиадасына қатысып жүлделі I,II,III-

орындарға ие болды. 2 сынып оқушыларымыз және де белсенділік танытып «Кенгуру-математика барлығы үшін» атты халықаралық интеллектуалдық сайысына қатысып, 4 оқушымыз жүлделі ІІ орын иегерлері атанды.

Сонымен бірге шәкірттерміз қашықтық жарыстарда да белсенділік танытты. [www.tio.kz](http://www.tio.kz) Республикалық Дәстүрлі Интернет олимпиадасына белсенді қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізді.

1-4 сынып оқушылары "Бәйтерек" республикалық зияткерлік олимпиадасына қатысты. 20 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Соның ішінде ерекше атап өтетін болсақ 3 "А" сынып оқушылары Тешебай Інжу, Макулбек Іңкәр (жетекшісі Сәрсенбаева Н.Қ.) бас жүлдені жеңіп алды. Ал бес оқушымыз І - орын иегері атанды, олар: 2 "Д" сынып оқушысы-Аширбай Айша (жетекшісі Ахметова Н.Р.), 3"Ә"сынып оқушысы- Дүйсенхан Ернұр (жетекшісі Сейдуалиева Л.А.), 3"Б"сынып оқушысы- Дулат Әдемі (жетекшісі Мамбаева.А.К.), 4"А"сынып оқушысы - Дүйсенхан Ердаулет (жетекшісі Дулдулова Г.Қ.), 1"А"сынып оқушысы - Шырынхан Едіге (жетекшісі Асанбаева Г.М.)

Сонымен қатар «Алтын ұрпақ» зияткерлік олимпиадасына 1-4 сынып оқушыларымыз белсене қатысып жүлделі орын иегерлері атанды. Жалпы олимпиадаға 142 шәкіртіміз қатысып жүлделі І,ІІ,ІІІ орындарға және 6 оқушымыз бас жүлдеге ие болды. Ерекше тоқталып өтетіні 2"Г"- сынып оқушысы Амантұр Айкөркем (жетекшісі Свинтецкая А.В.) және 2"Ә"- сынып оқушысы Гайбуллаев Нұрасыл (жетекшісі Әленова М. М.), Абдуллахан Айзере 2 «А» сынып оқушысы (жетекшісі Орынбаева Т.), Өскенбай Сезім 2 «В» сынып оқушысы (жетекшісі Казначеева А.), Батырхан Дидар 1 «Ә» сынып оқушысы (жетекшісі Асанбаева Г.), Султан Айша 1 «В» сынып оқушысы (жетекшісі Зарецкая Е.) бас жүлдені жеңіп алды.



*«Алтын ұрпақ» зияткерлік олимпиадасы бойынша  
1-4 сынып оқушылары дипломдарымен марапатталуда*

1-сынып оқушылары "ОЙ-САНА" республикалық зияткерлік олимпиадасына қатысып 16 оқушымыз - ІІ,ІІІ жүлделі орындарға ие болды.

Орыс тілінде білім алатын сыныптар ""ГРАМОТЕЙ" международный конкурс знатоков русского языка"- атты сайысқа қатысып өз білімдерін шыңдады, 6 оқушымыз жүлделі І-орындарға қол жеткізді. (жетекшілері - Мамбаева А.К., Ахметова Н.Р.).

Республикалық "Көркем жазу" байқауыда да оқушыларымыз бой көрсетіп, 2 "А"- сынып оқушысы Тиллабек Инкәр (жетекшісі Әленова М. М.) ұқыпты да көркем жазғаны үшін мадақтама алды.

Оқушылардың бойында шығармашылық қабілеттерін ашу мақсатында мектеп әкімшілігі мәнерлеп оқу жарыстарын ұйымдастырып отырды. Абай өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу сынды мектепішілік жарыстар өтті. Оқушылар белсене қатысып Абайдың өлең жолдарын жатқа оқыды, үздіктері ғаламтор жүйесіне жүктелінді. Осы бағытта шыңдалған оқушымыз Асетулла Қасымхан (жетекшілері - Каракулова А.А.) *«ТӘУЕЛСІЗДІК-МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТУҒЫРЫ»* атты республикалық байқауға қатысып жүлделі I орын иегері атанды.

Оқушылар бойындағы шығармашылық қабілеттерін айқындай түсу мақсатында мектеп ұжымы көркем еңбек үйірмесін сыныптарда жүргізуді ұйымдастырды. Үйірмеде балалар сурет салу, қол өнер бұйымдарын жасау сабақтарын алды. Осы орайда I сынып оқушыларымыз Республика көлемі бойынша дарынды және талаптыларға арналған "Қыс қызығы-2021" тақырыбында ұйымдастырылған "Менің ғажайып әлемім" байқауында өнерлерін көрсетіп, 6 оқушы жүлделі I - орынға қол жеткізді (жетекшісі - Асанбаева Г.М.).

"Керемет" бастауыш мектеп балабақша кешені 1-2-сынып оқушылар арасында «Қыстың сыйы» атты мектепшілік көрме ұйымдастырды. Көрмеде оқушылардың қол өнер бұйымдары бағаланып, марапатқа ие болды. Жасаған қол-өнер бұйымдары үздік болып 1"А" сынып оқушылары танылды. (жетекшісі - Орынбаева Т.А.).

Сонымен қатар дарынды оқушыларды топтық жұмыста да шыңдап, ойының ұшқырлығын да айқындау үшін мектепшілік түрлі сыныптар арасында интеллектуалды сайыстарды да ұйымдастырып отырдық. Осындай шаралардың бірі «Керемет» бастауыш мектеп балабақша кешенінің 1-сыныптар арасында «Ойнайық та, ойлайық» атты танымдық-интеллектуалдық сайысы өтіп- бас жүлдені 1"А" сынып оқушылары ұтып кетті. Сонымен қатар «Білімділер сайысы» танымдық-интеллектуалдық мектепшілік байқауы өткізіліп, жеңімпаз 2 "Ә" сынып оқушылары атанды.



Алайда шәкірттеріміз ән салу, би билеу сынды өнерлерден де құр алақан емес екенін көрсетті. 3"Б"- сынып оқушысы Нурмағамбет Айқыз мектебіміздің би үйірмесінің қатысушысы қаламызда оқушылар сарайында өткізілген "TARAZ OPEN международный турнир" сайысында ұлттық би секциясында мәнерлеп билеу өнері бойынша жүлделі I орынды жеңіп алды. Сонымен қатар 4"Б"- сынып

оқушысы Агаева Диана "Жаңа Жұлдыз" республикалық вокал сайысында жақсы өнер көрсетіп дипломмен марапатталды.



Дене шынықтыру сабақтарын өткізу барысында шәкірттердің бойынан спортқа бейімі бар балаларды ынталандыру мақсатында түрлі эстафеталық жарыстар ұйымдастырылып отырды. Ұстаздарымыздың көмегімен шахмат үйірмесі де жұмыс атқарды. Шәкіртіміз 4"А"- сынып оқушысы Баянбай Нұрислам (жетекшісі Нұртазаев Ә.Ә.) қалада өткен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жыдығына орай жасөспірімдер арасындағы шахматтан квалификациялық турнирде үздік ойын өрнегін көсетіп, I орынды жеңіп алды.




*Сыныптан тыс өткізілген спорттық эстафеталық жарыстардан көрініс*



4 "А" сынып оқушысы Баянбай Нұрислам (жетекшісі Нұртазаев Ә.Ә.)

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жасөспірімдер арасындағы шахматтан  
 квалификациялық турнир

2019-2020 оқу жылы бойынша дарынды оқушылардың сайыстарға қатысу  
 қарқынымен салыстырғанда 2020-2021-оқу жылында дарынды оқушылардың  
 белсенділік деңгейі біршама артты.



Дарынды оқушылардың пәндік олимпиадаларға қатысу мониторингісі

Қорытындылай келе, әр жұмыс түрлері талданып, сараптама жасалып отырылды. 2020-2021 оқу жылы бойынша дарынды оқушылармен жасаған жыл бойынғы жоспарымыз өз деңгейіне жетті, себебі шәкірттеріміз өздеріне жүктелген жүктемені сезініп, жақсы атқара білді, өз жауапкершіліктерін түсінді, және өз шығармашылық қабілеттерін шыңдай түсті.

Оқушылардан қабілеттілікті анықтау сауалнамалары балаланың қабілеттеріне жасалған ұзақ уақыт бойғы бақылаулардың нәтижесін растай түсу үшін, сондай-ақ күшті және әлсіз психологиялық сапаларын дәлірек анықтау мен қажетті психопедагогикалық көмектер ұйымдастырылды. Психологиялық сауалнамалары дарынды оқушыларды анықтауға өздік септігін тигізді. Қабілетті оқушылардың диагностикасын ұйымдастырудың маңызды шарттарының бірі - теориялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік деңгейлерден тұратын диагностика моделін шығару болып табылады. Осы шарттарды орындай отырып, дарынды балаларды анықтау – арнайы бағдарлама пайдаланып, білікті мамандар өз жұмыстарын жүргізді.

Қабілетті оқушылармен жұмыс қарқынды жүргізіліп жатыр. Оқушының дамуы мен тәрбиелілік деңгейін диагностикалаудың барлық түрлері сияқты бала дарынын анықтауда бала оқитын сыныптың сынып жетекшісімен және психологпен ата-ана пікірлерін ескеріп, мүмкіндігінше педагогикалық кеңестер жүргізілді. Қабілетті оқушыны анықтауға қажет әдістер. Қабілеттілікті анықтау әдістемелері баланың қабілеттеріне жасалған ұзақ уақыт бойғы бақылаулардың нәтижесін растай түсу үшін, сондай-ақ күшті және әлсіз психологиялық сапаларын дәлірек анықтаумен қажетті психо-педагогикалық көмекті ұйымдастыру үшін қажет. Қабілетті оқушының психикасын анықтауда кең ауқымды түрлі әдістер қолданылады:

арнайы психологиялық сұрақнама, әдістемелер;

баланың іс-әрекетін мұғалімдер, ата-аналар, психологтар тарапынан экспертті бағалау;

балалардың шығармашылық жұмысының нақты нәтижелерін мамандар тарапынан сараптау;

түрлі танымдық әрі пәндік олимпиадалар, конференциялар, спорт жарыстарын, шығармашылық байқаулар, және т.б. ұйымдастыру;

белгілі дарын түрін талдау міндеттеріне байланысты түрлі әдістерді пайдалана отырып, психодиагностикалық зерттеу жүргізу.

Қабілетті оқушылардың білімін жетілдіру үшін арнайы әр сыныпта «Дарынды оқушылармен жұмыс» қаусырмалары бар. Осы оқушылармен үнемі жеке жұмыс жасалады. Деңгейіне байланысты қосымша тапсырмалар беріледі.

Қыркүйек айында математика, музыка, көркем еңбек, дене шынықтыру, өзін-өзі тану, жаратылыстану пәндерінен оқушылардың ой-өрісін зерттеу арқылы дарынды оқушылар анықталынды. Оқушыларды сабақ уақытысында және қосымша сабақтарда қабілетті оқушылармен жұмыс жүргізу технологияларын дұрыс ұйымдастыра отырып, оқушының бойындағы табиғи дарындылық дағдыларын аша отырып, одан әрі дамытуға жағдай жасауда білім алудағы қызығушылығын оята отырып, пәнге деген ынтасы қалыптасты. Өздігінен білім ала білуге үйретіп, математика, музыка, көркем еңбек, дене шынықтыру, өзін-өзі тану,

жаратылыстану сабақтары арқылы қосымша мәліметтерді қабылдай келе, есте сақтай білуге, қызығушылығын арттыру.

Тоқсанына бір мәрме «100 кітап» жобасын іске асыру аясында «Көп оқып, көп біл» - «Reading time» жобасы ұйымдастырылды. Рухани және интеллектуалды серпілісінің қажетті құралы ретінде оқуға баулу, кітап оқуды дәріптеу мақсатында мектеп қызметкерлері мен ұстаздары, оқушылар, келген ата-аналар да өздерінің бұрын-соңды оқып жүрген оқулықтарын алып оқиды, бір-бірлерімен ақпарат бөліседі. Әр тоқсанда бұл жоба түрлі формада өтеді, көрініс көрсету, рөлдік ойын, мазмұнын суреттеу, т.б. 26 қазан күні «Reading time» жобасы күні 4 б сынып оқушылары Александр Гриннің «алқызыл желкендер» шығармасын талқылады. Сондай – ақ мектепте READx жобасы ұйымдастырылды. Мақсаты – оқушыларға кітапты жарнамалау, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Жобаға 4 «А» сынып оқушылары қатысты. Спикерлер Джон Бойнның «Мальчик в полосатой пижаме», Мари Бренанның «Естественная история драконов» атты кітаптарын оқырмандарға ұсынды. Бұндай қызықты іс – шаралар өз жалғасын табуда. Елбасының Қазақстан халқына жолдауын талқылау мақсатында «100 әннің тарихы» атты жоба негізінде әр сынып ән айтып, презентация көрсетіп, түрлі формада жұмыс атқарады. 28 қараша күні мектепте «Ертегілер еліне саяхат» атты сайыс өтті. Мектебіміздің 2 сынып оқушылары «Тауықтардың басынан кешкендері» атты ертегісін сомдап, жүлделі 1 орынға ие болды. 1 желтоқсан «*Тұңғыш Президент*» күніне орай мерекелік концерт ұйымдастырылды. Патриоттық – азаматтық, рухани – адамгершілік тәрбие беру мақсатында *ҚР Тәуелсіздік күніне* орай бастауыш сынып оқушылары арасында «Мен – тәуелсіз елдің өренімін» атты тағлымдық – өнеге іс – шарасы ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының асыға күткен «Қош келдің, Жаңа жыл – 2021» атты шырша мерекесі өзін – өзі басқару ұйымының ұымдастырылуымен жақсы өтті. Жаңа жыл қарсаңында 1-сыныптар арасында қазақ сыныптары үшін «Қыс қиялы» атты, орыс сыныптары үшін «Зимняя фантазия» атты қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге барлық бірінші сынып оқушылары қатысты. Бірінші сынып оқушыларының қолдан жасаған бұйымдары мен өнімдері көздің жауын алды. Барлық оқушылар арнайы мақтау қағазымен марапатталды.

2 «Ә» сынып оқушыларымен ұйымдастырушы-педагог Жадилова Гулмира «кешегі күн, бүгінгі тарих» атты ашық тәрбие сағатын ұйымдастырды. Іс-шараның негізгі мақсаты – рухани жаңғыру жолында болашақ ұрпағымыздың тарихын түгендеп, ұлттық сананы жаңғыртып, төл тарихымызды құрметтеу. Оқушылар тарихқа көз жүгірте отырып, елімізде болған қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғаларды, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстарды еске алып, қазақ халқына Тәуелсіздікке жету үшін оңай жолмен келмегендігін көрсетті.

«*1 наурыз – Алғыс айту күніне*» орай мектебімізде шығармашыл дарындылар арасында суреттер көрмесі қойылды. Оқушылар бойында сыйластық құндылықтарын арттыру мақсатында ұйымдастырылған көрмеге қатысушылардың шығармашылық жұмыстары қағазда, картонда орындалды көрмеге 30-дан аса оқушылардың жұмыстары қойылды.

*«Отбасы сағаты» республикалық акциясына* мектеп психологі Берік Назым «Мен және Жанұям» тақырыбында бастауыш сынып ата-аналарымен қашықтықтан тренинг өткізді. Тренинг мақсаты: «Ұстаз-оқушы-ата-ана» үштік одақ қарым-қатынасын нығайту, отбасылық тәрбие мен отбасылық құндылықтар туралы тұжырымдаманы қалыптастыру, оқушылардың отбасы алдындағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. Сондай – ақ мектебімізде 3 сыныптар арасында бөлек және бірінші сыныптар арасында бөлек өз алдына Интеллектуалды сайыс «Ойна да ойла» атты байқау өтті. Байқауға әр сыныптан 6 оқушыдан қатысты. Сондай-ақ, бірінші орыс сыныптары арасында «Қазақтың ұлттық ойындары» атты сайыс өтті. Оқушылар іріктеліп қатысты. Сайыста «Таныстыру», «Арқан тарту», «Қыз қуу», «Қол күрес», «Асық ату» ұлттық ойындары көрініс тапты. 2 сыныптар арасында Әленова Майра Мұхтарқызының жетекшілігімен «Білімділер сайысы» өтті. Өте жоғары деңгейде өтті. Әр сыныптан 6 оқушыдан қатысты. Қатысушылар өте жақсы белсенділік танытты. Сайыс үш тілділік бағдарламаны негізге ала отырып ұйымдастырылған.

2 орыс сыныптары арасында ерекше форматта «Спорт и математика» атты спорт пен математиканы ұштастырып Александра Сергеевна өте керемет іс-шара өткізді. Шара соңында жеңімпаздар және қатысушылар марапатталды.

*«8 наурыз-Халықаралық әйелдер»* мерекесіне орай «Тіршілік тірегі – АНА» атты меркелік сынып сағаттарын өткізді барлық сыныптар.

19 наурыз күні мектепте *«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына»* орай «Наурыз-Нұрлы жыл басы» атты тәрбиелік-тағылымдық мәні зор меркелік шара өтті. Мектептің спортзалында қазақ ауылдарының көрінісі көрсетілді (киіз үйлер) құрылды. Мектеп директоры сөз сөйлеп үлкен іс-шараны бастап берді. Оқушыларымыз жиылған қауымға ән арнап, меркелік шараның ажарын одан әрі арттыра түсірді. Іс-шара барысында «Арқан тарту», «Шолпы тағу», «Асық ату» және т.б. қазақтың ұлттық ойындары ойнатылып, салт-дәстүрлер көрсетілді.

– *«Халықаралық авиация және ғарышкерлер күніне»* орай 3-4 оқушыларымен «Жер кіндігі-Байқоңыр» атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты – еліміздің мақтанышы «Байқоңыр» ғарыш айлағы туралы ақпарат бере отырып, ХХ ғасырдың 2-ші жартысындағы адам баласының ғарышты игерудегі жетістіктері, оның ғылыми маңызы жайында оқушылардың білім көкжиегін кеңейту. Жас ұрпақтың патриоттық, отаншылдық сезімін оята отырып, елін жерін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу болды.

«1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай» 4 сыныптар аралығында «Ынтымақ – достық кепілі» атты бірыңғай сынып сағаттары өтті. Осы мерекеге орай *«Саяхат шеруі-2021»* атты іс-шара ұйымдастырылды. Саяхат барысында оқушылармен түрлі тақырыпта пікір алмасу, талқылау, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қаланың көрікті аймақтарына серуендеп келді 4 сынып оқушылары арнайы бекітілген жауапты тұлғалармен, олар: 4«А» сынып жетекшісі Дулдулова Гульчехра Халилашовна, 4 «Б» сынып жетекшісі Ахмерова Анися Вагизовна, мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Бимурзаева Айкерим Маханбетовна және шаруашылық жөніндегі орынбасар Баирбекова Гулзира Абдукадыровна, медбике Тоқсанбаева Айғаным 4-сынып оқушыларымен ашық саяхат сағатын өткізіп келді.

Қаланың көрікті орындарын атап айтсақ, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, «Керуен Сарай» демалыс орталығы және оның ішіндегі қосалқы демалыс орындары, Орталық алаңы, «Есімхан батыр» алаңы, орталық саябағы.

**«15 мамыр - Халықаралық отбасы күніне»** орай арналған «Отбасы тәрбиесі – өскелең ұрпақтың азаматтылығын тәрбиелеудің негізі» тақырыбында жалпыұлттық ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысты мұғалімдер ұзартылған күн тобы тәрбиешілерімен бірлесе отырып ZOOM бағдарламасы арқылы қашықтықтан өткізді.

Мектепте дарынды оқушыларымен «Дарынды оқушы – ұлтымыздың болашағы» атты форум өтті. Форум линейка іспетті мектеп ауласында өткізілді. Форумға тек қана мектептің үздік оқушылары қатысты. Өте жақсы оқығандары үшін мақтау қағаздарымен қатар үздік-2021 атты лентасымен де марапатталды.

**«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын** іске асыру аясында мектепте робототехника және STEM кабинеттерін ашуды мақсат тұтып отырмыз бүгінгі таңда. Ақпараттық қоғамның қалыптасуы кезеңінде мектепке де ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін оқушылар өз іс-әрекеттерінде қолдана алу мақсатында ашылған сынып кабинеттері білім алушылардың ойлау қабілетін, интеллектуалын дамыту үшін заман талабына сай озық технологиялармен жабдықталу қажет.

**«1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне»** орай мектеп жанындағы **«Керемет әлемі» жазғы білім алу лагері** ұйымдастырылып отыр. 1 маусым күні «Керемет әлемі» білім алу лагерінің ашылу салтанаты өтеді. Бастауыш сынып оқушыларының күшімен әзірленген мерекелік концертте балалар өз өнерлерін ортаға салады. Спорттық жарыстар, флеш-моб ұйымдастырылады, соңында әр балаға тәтті сыйлық таратылып, ұйымдастырушы-педагогтар бала көңілін таба білді. Лагер мектеп басшылары мен педагог-ұйымдастырушылардың бірлесе отырып жасаған арнайы лагердің жұмыс жоспары арқылы жүзеге асты.

#### **Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері 4 жылдық**

| Жылы      | Зияткерлік олимпиада/Конкурс атауы   | Деңгейі       | Орыны/саны                       | Сертификат/саны |
|-----------|--|---------------|----------------------------------|-----------------|
| 2017-2018 |  | Қалалық       |                                  |                 |
|           |  |               |                                  | Грамота         |
|           | «Алтын қыран - ерекше дарын иесі»  |               | 1-орын-3<br>2-орын-1             |                 |
|           | «Қазақстан ұстаздары» қоғамымен ұйымдастырылған «математика» пәні бойынша республикалық қашықтық олимпиада | Республикалық | 1-орын-5<br>2-орын-1             | Мақтау қағазы   |
|           | Бастауыш сынып оқушылар олимпиадасы  |               | 3-орын-1                         |                 |
|           | «Clever»   |               | 1-орын-4<br>2-орын-2<br>3-орын-1 |                 |
|           | Bebras-2018  |               | 1-орын-1                         |                 |

|           |   |               |  |  |
|-----------|---|---------------|--|--|
|           |   | Халықаралық   |  |  |
| 2018-2019 |   | Қалалық       |  |  |
|           | «Түркістан математигі» облыстық олимпиада                                 | Облыстық      | 1-орын-1<br>2-орын-2<br>3-орын-2                 |  |
|           | «Kazrio.kz- жас өркен»  | Республикалық | 1-орын-8<br>2-орын-1                             |  |
|           | Кіші Ғылым Академиясының байқауы  |               | 1-орын-1   |  |
|           |   |               |  |  |
|           | «Человек и природа»   | Халықаралық   | 1-орын-1<br>2-орын-1<br>3-орын-1                 |  |
|           | «Кенгру - математика для всех»  |               | 2-орын-1   |  |
| 2019-2020 |   | Қалалық       |  |  |
|           | «ALTYN QYRAN» ерекше дарын иесі облыстық зияткерлік олимпиадасы           | Облыстық      | 1-орын-4<br>2-орын-4<br>3-орын-2                 |  |
|           | Облыстық «Зерде» 1-7 сыныптар арасында ғылыми жобалар жарысы              |               | 1-орын-1<br>2-орын-2                             |  |
|           | «Алтын ұрпақ» зияткерлік олимпиадасы                                      |               | 2-орын-1   |  |
|           | «Түркістан математигі» облыстық пән олимпиадасы                           |               | 2-орын-1<br>3-орын-1                             |  |
|           | Оқушылардың Кіші Ғылым Академиясының байқауы (биология секциясы)          |               | 1-орын-2   |  |
|           |   |               |  |  |
|           | «Ақбота» республикалық интеллектуалдық марафоны                           | Республикалық | 1-орын-2<br>2-орын-1                             |  |
|           | Математика пәнінен ұйымдастырылған республикалық қашықтық олимпиадасы     |               | 1-орын-4<br>2-орын-1                             |  |
|           | www.tjo.kz Республикалық Дәстүрлі Интернет олимпиадасы                    |               | 1-орын-6<br>2-орын-2<br>3-орын-4<br>Сертификат-1 |  |
|           | Адам және табиғат халықаралық зияткерлік сайысы                           | Халықаралық   | 1-орын-5   |  |
|           | «Золотое руно» халықаралық интеллектуалдық сайысы                         |               | 1-орын-3<br>3-орын-1                             |  |
|           | «Кенгуру-математика барлығы үшін» атты халықаралық интеллектуалдық сайысы |               | 1-орын-3<br>2-орын-5<br>3-орын-9                 |  |
|           | Осенний международный онлайн чемпионат по знаниям                         |               | 1-орын-1   |  |
|           |   |               |  |  |
|           |   |               |  |  |
| 2020-2021 |   | Қалалық       |  |  |
|           | «ALTYN QYRAN» ерекше дарын иесі облыстық зияткерлік олимпиадасы           | Облыстық      | 1-орын-1<br>2-орын-3<br>3-орын-20                |  |
|           | «Алтын ұрпақ» зияткерлік олимпиадасы                                      |               | Бас жүлде-6<br>1-орын-4                          |  |

|  |   |               |  |           |
|--|---|---------------|--|-----------|
|  |   |               | 2-орын-41  |           |
|  |   |               | 3-орын-92  |           |
|  |   |               | Сертификат-3                                     |           |
|  |   |               |  |           |
|  | «Самұрық» республикалық математикалық зияткерлік олимпиадасы              | Республикалық | 3-орын-7<br>Сертификат-4                         |           |
|  | www.tio.kz Республикалық Дәстүрлі Интернет олимпиадасы                    |               | 1-орын-3<br>2-орын-5                             |           |
|  | "Бәйтерек" республикалық зияткерлік олимпиадасы                           |               | Бас жүлде-2<br>1-орын-5<br>2-орын-11<br>3-орын-3 |           |
|  | Қыс қызығы-2021" тақырыб. ұйымд. "Менің гажайып әлемім" байқауы           |               | 1-орын-7   |           |
|  | "ОЙ-САНА" республикалық зияткерлік олимпиадасы                            |               | 2-орын-5<br>3-орын-11                            |           |
|  | «ТӘУЕЛСІЗДІК-МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ» атты республикалық байқау             |               | 1-орын-1   |           |
|  | "Жаңа Жұлдыз" республикалық вокал сайысы                                  |               |  | Диплом    |
|  | Республикалық "Көркем жазу" байқауы                                       |               |  | Мадақтама |
|  |   |               |  |           |
|  | «Кенгуру-математика барлығы үшін» атты халықаралық интеллектуалдық сайысы | Халықаралық   | 2-орын-4   |           |
|  | "ГРАМОТЕЙ" международный конкурс знатоков русского языка                  |               | 1-орын-6   |           |
|  | (секция: национальный танец)  |               |  |           |

#### - Психологиялық қызметті талдау.

2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарға сәйкес келесідегі іс-шаралар жоспарға сәйкес орындалды:

1-4 сынып оқушылар аралығында «оқушылар арасында денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша сауалнама өткізілді. Қорытынды нәтижесі талданып тәуекел қатарына енген оқушымен психологиялық жұмыстар жүргізілді.

1. «оқушылар арасында денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасы бойынша ата-аналар жиналысы жүргізілді. Жиналысқа барлық ата-аналар толығымен қатысты. Жиналыс онлайн форматта өткізілді.

2. «оқушылар арасында денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасы бойынша жұмыс жасалды.

3. 1-4 сынып оқушылар аралығында 17.01.2019 жылдан бастап 01.02.2019 жыл аралығында мектепте 3-құрлымнан тұратын «Мектептегі оқушылардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлқының алдын алу бағдарламасы» бойынша оқушылардың хабардарлығын арттыру тақырыбында дәрістер өткізілді.
4. «Мұғалім – мектептің жүрегі» тақырыбында мектепте педагогтар арасында тренинг жүргізілді.
5. Педагогтармен «өмір тартысы» тақырыбына байланысты психологиялық тренинг; арттерапиясы «дүниеде тіршілік етпейтін жануар» тақырыбына сурет салу арқылы мінез-құлқын анықтауға арналған диагностикалық әдістемесі және тыныштық сәтті жүргізілді. Барлық педагогтар атсалысып қатысты.
6. «Отбасында әкенің рөлін арттыру» шағын әкелер жиналысы өтілді.
7. 1-4-сынып оқушылар аралығында «балалардың денсаулығына не зиян» тақырыбында слайдтар, нақыл сөздер, бейнероликтер көрсетілді. Слайдтар, бейнероликтер көрсетілгеннен кейін тақырып бойынша талқыланды.
8. 1-4-сынып оқушыларымен оқу жылы аяқталуына орай қорытынды дайындығын нығайту және педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету тақырыбында «Педагогикалық-психологиялық педконсилиум» өтілді.
9. Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында 1-4-сынып оқушыларына аутодеструктивтік мінез-құлқтың алдын алу тақырыбында психологиялық бейнеролик, сауалнама алынды. Қорытынды нәтижесі талданып шығарылды.
10. Түркістан қаласының психология саласындағы мамандары үшін эксперттің қатысуымен «Жалған діни және экстремистік бағыттағы деструктивті діни ағымдардың жақтаушыларымен және құрбандарымен психологиялық жұмыс» тақырыбында семинар-практикумға қатыстым.
11. 1-4 сынып оқушыларымен «Алғыс жүректен шығады» тақырыбында тренинг жүргізілді.
12. 3-4-сынып қыздарымен «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында жиналыс өткізілді.
13. 1-4 сынып оқушылар арасында мектеп медбекесімен Тоқсанбаева А. және мектеп педагог-психологымен «Салауатты өмір салты» тақырыбында жиналыс жүргізілді.
14. 4 «А» сынып оқушыларымен «Достық қарым-қатынас» тақырыбында психологиялық тренинг сабақтары өткізілді.
15. 2-4 – сынып оқушылар аралығында «мектепке бейімделу деңгейін» анықтау; «мектеп мазасыздығын анықтау»; «пәнге деген қарым-қатынасын» анықтауға арналған психологиялық әдістемелер өткізілді. Оқушылардың сенімділігін, белсенділігін арттыру, қарым-қатынас шеберлігін нығайтуға байланысты ойындар

мен жаттыгулар жүргізілді. Барлық оқушылар белсене қатысып өздерін жан-жақты көрсете білді.

16. 3- сынып оқушыларымен «Жеке адамның типін анықтауға байланысты» Голланд әдістемесі; «Мазасыздық деңгейін анықтау» Ю.Л.Халинің және Филипстің психологиялық тест; «Қызығушылық картасы»; «Бұлшық ет релаксациясы» жаттығуы өткізілді. Психологиялық тестің қортынды нәтижесі талданып шығарылды.

17. 4 – сынып оқушыларымен «Жеке адамның типін анықтауға байланысты» Голланд әдістемесі; «Көңіл-күйді көтерейік» жаттығу; «Өз-өзімізді сендіруді үйренеміз» жаттығуы өткізілді. Психологиялық тестің қортынды нәтижесі талданып шығарылды.

18. 1-4 сыныптарымен оқушылардың әлеуметтік ортасы. Сыныптағы, жанұядағы қарым-қатынастарын, мектепке көзқарастарын анықтауға байланысты В.Ф.Ряховскийдің «қарым-қатынас компетенттілігін анықтауға арналған» психологиялық тест әдістемесі өткізілді.

19. 1-4 сыныптар аралығында жеке диагностика «үй, адам, ағаш», «өзін сезінуі, белсенділік, көңіл-күй» әдістемесі және мектепке бейімделу қабілетін арттыруға байланысты тренингтер мен жаттығулар өткізілді.

20. 1-4 сыныптар арасында үлгерімі төмен оқушыларымен жеке жұмыстар жүргізілді.

21. 1-4 сынып оқушылармен «жасөспірім шақ-өтпелі кезең» тақырыбына байланысты шағын әңгіме сұхбат өткізілді.

22. Олимпиадаға қатысатын оқушыларға психологиялық кеңестер ұсыныстар жүргізілді.

23. 1-4 сынып оқушыларымен, мемлекеттік емтихан кезінде өзін қалай ұстау керек тақырыбында оқушыларға психологиялық кеңестер таратылды.

24. 1-4 сынып оқушылар арасында оқу үлгерімі төмен және психологиялық дамуында кідірісі бар оқушылар анықталған жоқ.


25. 4-сынып оқушылармен «Көңіл-күйді» жақсартуға және сынып арасында қарым-қатынасты нығайтуға байланысты психологиялық ойындар жүргізілді.

26. Мектеп қарауында алынған 1-4 сыныптарымен «оқушының пәнге деген қарым-қатынасы бойынша психологиялық әдіснама және қарым-қатынасты жақсартуға байланысты психологиялық ойындар, оқушы бойындағы жаман қасиеттерден арылуға байланысты психологиялық тренингтер; психологиялық тыныс алу жаттығулары жүргізілді. Қорытынды нәтижесі талданып шығарылды.

27. 1-4 – сынып оқушыларына жаңартылған білім беру бағдарламасына бейімделуіне бақылау жүргізілді.

28. Оқушылардың жеке қауіпсіздігін сақтау тақырыбында ақпараттар таратылды.

29. сынып оқушылармен «Жүрек түкпіріндегі қорқыныш»; «Сіз қай ағашты таңдайсыз» психологиялық әдіснама «Көңіл-күйді» жақсартуға және сынып арасында қарым-қатынасты нығайтуға байланысты психологиялық ойындар жүргізілді.
30. 2 және 3-сыныптар аралығында қосымша жұмыстар жүргізілді. Н.Г.Лускановтың «Оқу мотивациясын» тексеруге байланысты психологиялық тест; «Сабырлы және сенімді» тренингі өткізілді.
31. «Оқушылар арасында денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасы бойынша тәуекел тобындағы оқушымен де жұмыстар атқарылды.
32. Махатова Айаруға 3 «Б»-сынып оқушысы отбасылық жағдай бойынша психологиялық жұмыстар атқарылуда.
33. Махатов Мирас 4 «А»-сынып оқушысы және Азамат 1 «В»-сынып оқушысы, Жұмағали Али 2 «А»-сынып оқушысына сұраныс бойынша психологиялық сұхбат жүргізілді.
34. Ұзартылған күн тобы тәрбиешілеріне психологиялық эмоционалдық көңіл-күйді жақсартуға байланысты психологиялық кеңестер берілді.
- Көрсетілген іс-шаралар жылдық жоспарға сәйкес орындалған.







**- Әлеуметтік-педагогикалық қызметті талдау.**

«Жаппай біліммен қамту» қоры бойынша оқушылардың ыстық аспен қамтамасыз ету мақсатында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың ата-аналарынан қажетті құжаттары жиналды.

Мектепшілік арнайы комиссия құжаттарды қарап, айлық табысы адам басына 28.284 тг аспаған жанұядан шыққан балаларды ақылы мектеп болғанына қарамастан тегін ыстық тамақпен тамақтандыру керектігін шешті. Құжаттары сәйкес келген 61 бала 2020 жылы қазанның 1-нен бастап тегін ыстық тамақпен қамтыла бастады. Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан тағы қосымша 11 оқушы 2020 жылы 5 қараша күннен бастап тегін ыстық тамақпен қамтыла бастады. Дәл сондай себеппен желтоқсанның аяғында 3 сыныптан қосымша екі балаға құжат жиналып тапсырылды. Арнайы комиссия құжаттарды тексеріп, осы 2 бала 2021 жылдың қаңтар айынан бастап тегін ыстық тамақпен қамтыла бастасын деп шешті.

Оқушыларға сапалы ыстық тамақ беруді қадағалайтын арнайы комиссия құрылып, өз қызметін атқаруда. Мысалы, қараша айында осы комиссия асхананы жоспар бойынша тексерді, хаттамасы мен актісі жасачынды.

Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша ескертулер жоқ. Себепсіз сабаққа қатыспай жүрген оқушылар анықталған жоқ. Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті қадағаланып отырды. Қатыспаған оқушылардың барлығында анықтама бар.

«Жаппай біліммен қамту» қоры бойынша оқушылардың ыстық аспен қамтамасыз ету мақсатында азқамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың ата-аналарынан қажетті құжаттары жиналды.

Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша ескертулер жоқ. Себепсіз сабаққа қатыспаған оқушылар анықталған жоқ. Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті қадағаланып отырды. Қатыспаған оқушылардың барлығында анықтама бар.

Ай сайын қалалық қамқоршылық бөліміне ата-ананың қамқолығынсыз қалған балалардың тізімі тапсырылды.

**- Басқару және бақылау бойынша мектеп әкімшілігінің қызметін талдау.**

Қазақстандық білім беруді жаңғыртудың негізгі идеяларын жүзеге асыру сайып келгенде білім беру процесінің сапасын арттыруға, оның қол жетімділігін қамтамасыз етуге, оны ұйымдастырудағы, мазмұны мен педагогикалық технологиялардағы бағыттарды нығайтуға бағытталған.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және басқа да мәселелері оқу-тәрбие процесінің нәтижелеріне сапалы жаңа талаптар қою өзекті болып табылады, білім беру мекемесінің жұмыс істеуін бақылауды ұйымдастыру қажеттілігі өткір сезіледі.

Мектепте бұл міндет мектеп жұмысының негізгі бағыттарын, мектептің негізгі объектілерінің қызметін, мектеп қызметкерлерінің жұмысын бақылайтын мектеп әкімшілігінің қызметімен жүзеге асырылады. Оның әр түрлі нысандары мен әдістерін бақылау Мектептің жұмыс істеу жағдайы туралы ақпараттың маңызды көзі болып табылады және қызметкерлер мен мектеп басшылығы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Мектептің бұл бағыттағы жұмыс тәжірибесі мол.

Мектеп әкімшілігі инспекциялауды тек қарапайым кері байланыс және нормадан ауытқуларды анықтау нысаны ретінде қарастырмайды, бірақ талдау негізінде істің қалай жүруі, қателіктердің алдын алу, оларды түзетуге және кемшіліктерді жоюға қатысу қажет деп санайды. Барлық тексерулер барысында әкімшіліктің назары кемшіліктерді анықтауға ғана емес, сондай-ақ оң тәжірибені талдауға да назар аударады. Олар мектеп басшылығын білім беру мекемелеріндегі істердің жай-күйі туралы объективті нақты деректермен қамтамасыз етеді, мектептің тұрақты жұмыс істеуіне көмектесетін оң үрдістерді анықтайды.

Біз балаларды мақсатты оқыту мен тәрбиелеу үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға, әрбір баланың жеке басын қалыптастыруға тырысамыз. Біз өз оқушыларымызды өзін-өзі көрсетуге және өмірлік табысқа жетуге бағыттаймыз. Өзін жасампаз қызметте табатын, жұмыс істеуді және демалуды, отбасы мен өз Отанын сүйе білетін табысты тұлғаны тәрбиелегіміз келеді. Мектептің инновациялық қызметі болашаққа бағыттала отыра құрылады деген сөз.

Мектептің басқару аппаратының ұйымдастырушылық құрылымы өзара ұйымшыл педагогикалық ұжымды құруға бағытталған. Педагогтарды мектепті дамыту бағдарламасына енгізілген жалпы мақсат пен бірлескен қызметтің міндеттері мен мәселелері жақындастырады. Осы орайда мектеп мұғалімдері проблемалық шығармашылық топтарға біріктіріліп отыр: педагогикалық қызметті талдау нысанын енгізу – рефлексивті есеп.

Педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыра отырып, әкімшілік келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- даму бағдарламасында айтылған мақсаттар мен міндеттерді бірлесіп іске асыру;
- оқушылардың тұлғалық-бағдарлы оқуын, шығармашылық дамуы мен рухани-адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау;
- педагогикалық ұжымның кәсіби біліктілігінің өсуін ынталандыру.

Педагогикалық ұжым жұмысының мазмұнын талдай отырып, ұжымда мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыратын, барлық ұжымның дамуын ынталандыратын, өз кәсібилігін арттыру бойынша жұмыс істейтін, қалалық және мектептік іс-шараларға белсенді қатысады.

Әкімшілік пен педагогикалық ұжымның өзара іс-қимылының негізгі түрі ақпарат алмасу, жеке және топтық консультациялар, әңгімелесу, директор жанындағы кеңестер болып табылады. Ұжым үшін маңызды мәселелер

мұғалімдермен бірге шешіледі (мақсаттарды, міндеттерді, қызмет басымдықтарын анықтау, мектептің даму перспективаларын, оның мүмкіндіктері мен тапшылығын талдау). Әкімшілік педагогикалық ұжымды өзін-өзі дамытуға бағыттайды және табысқа жеткендерді көтермелейді, басқалардың өзін-өзі жүзеге асыруына көмектеседі.

Мектепті жоспарлау мектепті дамыту бағдарламасында тұжырымдалған мақсаттар мен міндеттерге және мектептің басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте жоспардың шынайылығы, орындалу мерзімдерінің келісілуі, орындалуын бақылаудың болуы ескеріледі.

Әкімшілік мұғалімдердің білім беру бағдарламаларын іске асыруы, жаңа технологияларды енгізу үшін қолайлы жұмыс жағдайын жасайды. Ол үшін мектепте әдістемелік қызмет құрылды, ол мұғалімдерге жеке жұмыс, проблемалық және шығармашылық топтардың жұмысы, курстық қайта даярлау, педагогтарды аттестаттау, педагогикалық кеңестерді, семинарларды ұйымдастыру, өз білімін жетілдіру үшін жағдай жасау арқылы біліктілікті арттыруға көмек көрсетеді.

Мектептің барлық проблемаларын шешу үшін оқушылардың оқуы мен тәрбиелілігі үлкен маңызға ие.

Сондықтан әкімшілік келесі критерилерге ерекше назар аударады.:

- оқу үрдісіндегі негізгі жағдаяттарды орындау;
- мектеп жұмыс жоспарының өзектілігі мен тиімділігі;
- талаптарға сәйкес күн тәртібі мен сабақ кестесін, ұзартылған күн тәртібін жоспарлау;
- мектепшілік бақылауды тиімді таңдау;
- мұғалімнің кәсіби деңгейін болжау және диагностикалау;
- әр оқушы үшін табыс жағдайын жасау.

Жалпы базистік оқу жоспарын талдау кезіндегі негізгі міндеттер-сатылар бойынша оқу ұзақтығы, апталық жүктеме, қызығушылықтары бойынша үйірмелердегі сабақтар, факультативтік сабақтар. Бастауыш мектеп оқушыларының сабақ кестесі қажетті нормаға сәйкес, өйткені Бастауыш оқыту процесінде артық жүктемеден, артық шаршаудан, балалардың аурушандығынан аулақ болу қажет. Бұл оқытудың екінші және үшінші сатысындағы оқушылар үшін де маңызды. Мектептегі кестені жасау кезіндегі қиындық Қосымша жұмыс істейтіндердің болуына және кабинеттердің жетіспеушілігіне байланысты туындайды.

2020-2021 оқу жылы ішінде әкімшілік бақылау жоспар бойынша жүргізілді.

- фронталдық бақылау (алдын ала-мектептің жаңа оқу жылына дайындығы,
- ағымды бақылау 1-жарты жылдықтың қорытындысы, оқушылар қозғалысы,
- қорытынды бақылау - 2 жарты жылдықтың, жылдық қорытынды, оқушылар қозғалысы),
- аттестатталатын мұғалімдердің дербес бақылауы
- тақырыптық бақылау (оқушылардың оқу әдебиетімен қамтамасыз етілуі, мектеп құжаттамасының жағдайы, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау мен бағдарламаларды бақылау, бейіндік және бейіналды оқыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, оқушылардың сабаққа қатысуы, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жағдайы, мектептегі тәрбие жұмысының жағдайы, мектептің нормативтік-құқықтық базасының жағдайы, қорытынды аттестаттауды өткізу).

Сабаққа қатысқан кезде мұғалімнің бағалау қызметі, оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту, сабақты өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау, сабақ арқылы мектептің тәрбие міндеттерін жүзеге асыру, оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту, оқушылармен жеке және сараланған жұмысты ұйымдастыру, акт, "Күнделік" электрондық журналы мен күнделікті пайдалану, BilimLand сандық ресурстарын пайдалану талданды.

Әкімшілік бақылауды жүзеге асыру барысында келесі әдістер қолданылды: бақылау, құжаттаманы зерттеу, сауалнама жүргізу, білімді тексеру, талдау.

Бақылаудың барлық түрлерінің нәтижелері бойынша аналитикалық анықтамалар жасалды, нәтижелері педагогикалық кеңестерде, әдістемелік кеңестерде, директор жанындағы кеңестерде талқыланды, ұсыныстар берілді.

Жалпы сабақтар әдістемелік түрде дұрыс құрылған, сабақтар әртүрлі, қызықты. Мұғалімдерге берілген ұсыныстар негізінен есепке алынады. Мұғалімдердің ерекше назары сабақтарда жаңа білім беру және ақпараттық технологияларды қолдануға, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, дұрыс таңдалған ұйымдастыру формалары есебінен әрбір оқушының сабақтың барлық кезеңдерінде қызметке қосылуын қамтамасыз етуге аударылды.

Бақылау барысында анықталды:

- бақылау формалары мен әдістері мектептің педагогикалық ұжымын оқу жылына қойған міндеттерге сәйкес келеді,

- мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру үшін барлық қажетті құжаттар бар және талаптарға сәйкес жүргізіледі,
- оқу жоспары орындалды, бағдарламалар өтті,
- оқушылар білімді жалғастыруға дайын,
- мұғалімдердің белсенділігі, олардың шығармашылыққа ұмтылуы өсті, оқу үрдісінде жаңа білім беру және ақпараттық технологияларды пайдаланатын мұғалімдер саны артты,
- мұғалімдер сабақта оқушылардың ойлау, сөйлеу, ерік, адамгершілік, коммуникативтік және т. б. дамытады,
- мұғалімдер оқушыларды оқытуда сараланған тәсілді қолданады, бастамашылық пен дербестікті көтермелейді, оқушылардың шығармашылық қиялын дамытатын тапсырмалар ұсынады,

Тексеру нәтижесінде келесі кемшіліктер анықталды:

- "диагностика-талдау" қағидаты бойынша барлық жұмысты құрудың айқын еместігі»,
- жас мұғалім мектебі нашар жұмыс істейді, атап айтқанда өз білімін жетілдіру жұмысы.
- барлық іс-шаралар орындалмады.
- факультативтік сабақтарын ағылшын тілінде жүргізу.

#### **Құжаттармен жұмыс атқаруды талдау.**

Жыл бойы мектептің нормативтік-құқықтық базасын, қауіпсіздік техникасы бойынша журналдарды, электрондық журналдарды, оқушылардың жеке істерін, БЖБ және ТЖБ кестелерін тексеру жүзеге асырылды.

Нормативтік-құқықтық базаны тексеру мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті құжаттардың бар екенін көрсетті, құжаттама негізінен "білім туралы Заңға", типтік ережелерге сәйкес келеді. Тексеру барысында ұйымдастыру бойынша ережелер дұрыс деп анықталды.

Қауіпсіздік техникасы бойынша журналдарды тексеру нәтижесінде қауіптілігі жоғары барлық кабинеттерде оқушыларға нұсқау беру журналдары, жадынамалар мен нұсқаулықтар бар екені анықталды. Әр сынып жетекшісінде оқушыларға нұсқау беру журналдары бар, бірақ жазулар әрдайым уақытында енгізілмейді.

Оқушылардың жеке істерін тексеру нәтижесінде әрбір оқушыға жеке іс жүргізілгені, жеке істері ұқыпты жүргізілгені, барлық қажетті құжаттар (өтініш, отбасы құрамы туралы анықтама, туу туралы куәліктің көшірмесі, жеке куәлігінің көшірмесі, аттестаттың көшірмесі және т.б.) бар екендігі анықталды.

Оқушылардың дәптерлерін тексеру оқушылардың барлық пәндер бойынша дәптерлер бар екенін көрсетті, мұғалімдер оқушылардың дәптерлерін тексереді, бірыңғай орфографиялық режим сақталады, бірақ сонымен қатар барлық оқушылар дәптерлерді ұқыпты ұстамайды, үй жұмысын орындайды, үй дәптерлерін ұмытып кетеді.

#### - Мектеп кітапханасының жұмысын талдау.

##### Негізгі бақылау көрсеткіштері

| Жылдық көрсеткіш  | 2020-2021 оқу жылы |
|-------------------|--------------------|
| Кітап қоры        | 3707               |
| Әдістемелік кітап | 35                 |
| Әдеби кітап       | 160                |
| Оқырмандар саны   | 70                 |

##### Кітап қорын және каталогын ұйымдастыру бойынша жұмыс

Жаңа оқу жылында мектептің жаңа ғимаратында орналасқан кітапханасына арнайы ҚАКАЖ (Қазақстандық автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйе) бағдарламасы орнатылады. Соған соң мектеп кітапханасының негізгі жұмысы осы бағдарламаның үш модулінде жүргізіледі. Әр мектеп оқушысы КАБИС бағдарламасының «Оқырман картотекасы» модуліне енгізіледі, мәселен 550 оқушы, мектеп мұғалімдері және қызметшілер. Сонымен қатар «Мерзімді басылымдар картотекасы» модуліне кітапханаға түскен мерзімді басылымдарға қысқаша сипаттама жасалып енгізіледі. «Кітап қоры» модуліне кітапханадағы көркем әдебиет сипатталып, әр кітапқа жеке штрихкод беріліп, осы модульге енгізілетін болады. Бүгінгі күнге бұл бағдарламада кітапхананың мүлік кітабы мен жұмыс күнделігін электронды түрде жүргізуге өте ыңғайлы. Сонымен қатар кітапханаға түскен жаңа оқулықтар мен көркем әдебиеттерге, мерзімді басылымдарға сипаттама жасалып ары қарай модульдерге енгізу жұмысы жалғастырылады.

**- МТБ нығайту жөніндегі талдау**

Бастауыш сыныптарының кабинеттері бар толық жабдықталған, информатика кабинеті – 1. Бастауыш сыныптар кабинеті – 16. Менталды арифметика кабинеті – 1. Шашка, шахмат, тоғызқұмалақ үйірмесі кабинеті-1. Би залы – 1.

Кабинеттер графопроекторлар, LED экрандар, принтерлер, интерактивті тақта, Ноутбуктер, СТЭМ жиынтықтарымен және басқа көрнекіліктермен жабдықталған. Оқу үрдісінде компьютерлер, ноутбуктер, интерактивті панельдер, планшет қолданылады.

WIFI нүктесі, Интернетке (Қазақтелеком) шығудың 4 нүктесі бар.

Трибунасы бар 1 спорт залы, 100 орындық акт залы (музыкалық аппаратурамен, сандық подиуммен, жылжымалы графопроектормен, мінбемен жабдықталған) жұмыс істейді. Оқу залы мен медиатека бар кітапхана. 100 орындық асхана.

Мектеп аумағында зоокөмірлі жылыжайы, футбол алаңы, баскетбол, волейбол алаңы, жүгіру жолы, балаларға арналған аттракцион түрлері орнатылған ойын алаңы бар.

**Swot-талдау**

**Ішкі күшті жақтары**

|   | <b>Ішкі әлсіз жақтары</b>  |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жаңа форматта педагогикалық кадрлар біліктілігі деңгейінің жоғарылауы,</li> <li>• Оқу кабинеттерінің интернет желісімен қамтамасыз етілуі</li> <li>• Үштік одақтың ынымақтастық деңгейінің артуы;</li> <li>• «Рухани жаңғыру» бағдарламасының кешенді түрде жүзеге асырылуы</li> <li>• Білім алушы және педагогтардың бірлескен нәтижелі жұмысының артуы</li> <li>•</li> </ul> | <p>Облыстық, республикалық деңгейдегі мұғалімдердің кәсіби жетістік байқаудан жүлде алу үлесі аз</p>   |
| <b>Қолайлы мүмкіндіктер</b>   | <b>Сыртқы қауіптер</b>   |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>• Педагогтарды ынталандыру, қолдау, бағыттау</li> <li>• Ішкі, сыртқы қоғамдастық жұмыстарын жандандыру;</li> <li>• Жалпы қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін жандандыру, байланысты күшейту</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Интернет желісін қолданудағы қауіпті әрекеттерден сақтану; (заңсыз және адепсіз материалдар) және коммуникациялық тәуелділіктердің болуы;</li> <li>• Сырттан әсер ететін түрлі діни ағымдардың әрекеттерінен сақтану</li> </ul> |

**2021-2022 оқу жылында мектептің алдына қойған міндеттері:**

- 2020-2021 оқу жылында кеткен олқылықтарды жою мақсатында мектепшілік бақылауды күшейту;
- бөлінген көшбасшылықты дамыту арқылы, ынтымақтастықты нығайту, тәжірибе алмасу;
- пәндік олимпиада, ғылыми юобадан облыстық деңгейде жеңімпаз шығару;
- ұстаздардың кәсіби құзыреттілігін шыңдау, байқауларға қатысуын, жеңімпаз болуына өзара көмек беру;
- озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату.  
(газет, журналдарға ғылыми конференцияға қатысып, мақала жариялау)
- мектеп ортасында жеке тұлғаның дамуына, қабілетті оқушымен жүйелі нәтижеге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- жүйелі түрде мектеп ортасында жеке тұлғаның дамуын бақылауға алу, бағыт-бағдар беру.
- мұғалім – оқушы -ата-ана арасындағы тығыз байланысты дамыту.

Мектеп директоры:



**Р.Т. Куатбекова**

## Мектепшілік бақылау жоспары

2021-2022 оқу жылы

**Мектепшілік бақылау** – талдау және мақсат қою қызметтерімен тікелей байланысты аса маңызды басқару қызметінің бірі. Мектепшілік бақылау дегеніміз – белгіленген міндеттерге сәйкес бүкіл жұмысты үйлестіру мақсатында мектептегі оқу-тәрбие процесін жан-жақты зерттеу әрі талдау. Ал зерттеу мен жан-жақты талдау мұғалімдерден кейбір мәлімет алуы қажет етеді. Бірақ бүгінгі заң бойынша әкімшілік мұғалімнен арнайы тізімде көрсетілгеннен тыс есептерді сұрауға құқылы емес. Онда оқу процесінің нақты жай-күйі туралы ақпаратты қалай аламыз? Мектептегі оқушылар ұжымының да, педагогикалық ұжымның да қызметін директор орынбасарларымен бірге басқарады. Сәйкесінше, мектеп директоры талаптарға сәйкес оқу-тәрбие процесін басқарады. Сондықтан бақылау да өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Бақылау қызметі – бұл басшы нұсқауларының орындалуын, оларды орындау нәтижесін тексеру әрі есепке алу, кемшіліктердің себебін анықтау. Осындай сапалы мониторинг жүргізу үшін мәлімет жинау керек. Ал оны директор мен оның орынбасарлары мұғалімнен белгілі мәлімет сұратпай жинай алмайды. Ал белгіленген міндеттерге сәйкес жұмысты үйлестіру бақылау мәліметтерінің негізінде жүзеге асырылады. Мұғалімге артық жұмыс жүктемей, нақты әрі сенімді ақпарат алу үшін бақылауды қалай жоспарлаймыз және жүзеге асырамыз?

Мектепшілік бақылау – бұл күрделі әрі жан-жақты процесс, және ол біртұтас дүние ретінде заңды реттілікке, өзара байланысты бөліктердің ұйымдастырылуына ие, оның әрқайсысы белгілі қызметтерді атқарады. Оқу пәндерін оқыту жағдайын және оқушылардың білім, машықтар мен дағдылар сапасын бақылау жөнінде де осыны айтуға болады. Білім саласында жүргізілген реформалар мектептің дербес қызмет саласын кеңейтті және дербес қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікті арттырды. Демократиялық өзгерістер мектепте жана серпінге ие болады, олар ұжымда білім беру процесіне қатысушылардың шешім қабылдауға қатысу мен жүзеге асыруға жауапкершіліктегі тең құқығын қарастыратын қарым-қатынас орнатуға жетелейтін тұсын әрі басқару процестерінің дамуын болжайды. Мұның бәрі «Білім туралы» ҚР Заңымен заңдастырылды және қазақстандық білім саласын дамытудың жасампаз күшіне жатады. 2016 жылға дейін мектеп жергілікті нормативтік актілер әзірлеумен белсенді әрі дербес түрде айналысты. Жақында ғана мемлекеттік білім басқармасы органдары мектепшілік өмірді регламенттеу және әдістемелік нұсқау хаттар арқылы мектепшілік басқаруды өз мойнына алды. Мұндай ұсынымдарда соңғы 3–4 жылда оқушылардың күнделігін, сынып журналын тексеру мерзімі мен әкімшілік өкілдерінің қанша сабаққа қатысуы тиіс екені де көрсетілген. Біз зайырлы мемлекетте өмір сүреміз, сондықтан білім беру процесіне қатысушыларды мемлекеттік заңдармен қатар мектеп нормаларын әзірлеу мен оларды сақтау мәдениетін қалыптастыруға тарту мектептің басты мәселесінің біріне жатады. Осы жерде мектепшілік бақылауға және оны жүргізуге қойылатын бірыңғай талаптың жоқ екенін атап өту керек.

**МІБ-ті жоспарлау кезінде өзімізге мынадай ұстанымдар қоямыз:**

1. Егер МІБ негізін бекітілген нормалар аясында білім беру процесіне қатысушылардың құқығы мен еркіндігін құрметтеу мен қамтамасыз етуге негізделген тұлғалық-құқықтық тәсіл құраса, оның нәтижесі артады.
2. Егер мектепшілік бақылау қызметтің ғылыми-негізделген моделі бойынша құрылса, мектепшілік бақылау өз мақсатын жүзеге асыра алады.

3. Басқарудың демократиялық қағадаттарын дамытуға мектептің өзіндік басқарма органдарын мектепті басқарудың жергілікті құқықтық базасын әзірлеу мен олардың сақталуын бақылауға тарту ықпал ететін болады.
4. Егер мектептің әр қызметкері мен ұжымның әлеуетін барынша қолдану негізін әр жұмыскерді әділ бағалау мен кәсіби көмек көрсету идеясы құраса, оған ықпал етуші бақылау нәтижесі артады.

#### МІБ бойынша құжат тізімі:

- ↓ мектепшілік бақылау жоспары (перспективалық, жылдық, айлық);
- ↓ негізгі қызмет, кадр мәселесі бойынша бұйрықтар кітабы;
- ↓ азаматтар өтінішін есепке алу журналы;
- ↓ мектепшілік бақылау туралы ереже;
- ↓ МІБ-ті орындау туралы есеп: сараптамалар, талдаулар, анықтамалар, тексеру актілері;
- ↓ педагогикалық кеңестегі, мәжілістегі, ата-аналар жиналысындағы баяндамалар, хабарландырулар және т. б.

#### Мектепшілік бақылаудың мақсаттары

- ↓ Білім саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыру.
- ↓ Білім беру процесіне қатысушылардың әлеуеттік кепілдіктері мен білім алуға деген конституциялық құқығын сақтау.
- ↓ Әр білім алушының мемлекеттік білім беру стандарттарын меңгеру нәтижесін бағалау.
- ↓ Мектептегі білім беру жүйесін дамытудың оң не кері тенденциясын талдау әрі болжау және оны жүйенің нақты жағдайымен салыстыру.
- ↓ Мектеп ұжымы қызметінің нәтижесін арттыру.
- ↓ Мектепте білім беру сапасы мен нәтижесін басқару тетігін жетілдіру.

#### Мектепшілік бақылау міндеттері

- ↓ Білім саласындағы заңнаманың, білімді дамытудың мақсатты бағдарламаларының орындалуын бақылау.
- ↓ Бұйрықтардың, мектептің өзге жергілікті актілерінің іске асырылуын жүйелі талдау, оларды сақтау мен жетілдіру бойынша шара қабылдау.
- ↓ Мектеп үшін білім беру процесін дамытудың перспективалық, маңызды бағыттарын жүйелі талдау, диагностикалау әрі болжау.
- ↓ Нәтижеге жеткізген немесе күтетін нәтижеге әкелетін ұжымның және жекелеген мұғалімдердің жұмыс нәтижесін жүйелі талдау әрі бағалау.
- ↓ Білім беру процесін жүзеге асыру жай-күйін, білім алу жағдайын, мектеп қызметінің басқа бағыттарын зерттеу әрі нәтижесін анықтау.

- ✦ Білім беру процесін дамытудың оң және кері тенденцияларын анықтау, кері тенденцияны жою бойынша шаралар қабылдау.
- ✦ Мектептің білім беру жүйесін жетілдіру бойынша шешім мен ұсыныс дайындау үшін ақпарат табу, жинау, өңдеу.
- ✦ Оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын, ұйымдастырылуын, оқушылардың білім сапасы мен дағдыларының қалыптастыруын қадағалау.
- ✦ Оң педагогикалық тәжірибені айқындау әрі жалпылау, тиімсіз педагогикалық технологияларды қолданудан сақтандыру.
- ✦ Білім беру процесін ұйымдық, ғылыми-әдістемелік, қаржы-шаруашылық әрі кадрлық қамтамасыз ету жұмысын, белгіленген міндеттің уақтылы әрі сапалы орындалуын бақылау.
- ✦ Мектепті басқару нәтижесін, қабылданған әрі қабылданатын шешімдердің педагогикалық әрі прагматикалық негізін зерттеу.

### «Мектепшілік бақылау туралы ереже» жергілікті құқықтық актісін әзірлеуде негізгі ескеру керек?

Мектепшілік бақылау туралы ереже педагогикалық кеңеспен бекітіледі, ол ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Ереже мына мәселелерді қамтуы тиіс:

- бақылау субъектілерінің құқығы мен міндеттері;
- мектепшілік бақылауды жүзеге асыру реттілігі;
- бақылануы тиіс құжат тізімі (оқу пәнін тақырыптық жоспарлау, сабақтың технологиялық карталары, сыныптан тыс іс-шаралар (конспектілер) немесе сабақ жоспарлары және т. б.);
- мектепшілік бақылаудың (тексерудің) ұйымдастырушылық түрлері, нысандары мен әдістері;
- меңгерушілер арасында функционалдық міндеттер мен бақылау-талдау қызметтерін бөлу.

### Мектепшілік бақылау жүргізу реттілігі

1. Бақылауды негіздеу (неге бұл учаске тексеріледі).
2. Бақылау мақсаттарын анықтау.
3. Бақылау жүргізу туралы бұйрық.
4. Бақылау бағдарламасын дайындау (объект, әдістері, орындаушылар, қайда тыңдалды және т. б.).
5. Тексерушілермен және тексеруден өтушілермен жиналыс өткізу.
6. Бақылауды жүзеге асыру.
7. Ақпарат алу және өңдеу.
8. Тұжырым мен ұсыным әзірлеу (ең қиыны).
9. Бақылау нәтижесі бойынша тексеруден өтушілермен алдын ала әңгімелесу.
10. Бақылау нәтижесі бойынша құжат дайындау.
11. Басқару шешімдерін қабылдау.
12. Анықталған кемшілікті қайта бақылау мерзімдерін анықтау.
13. Нұсқаулардың орындалуын тексеру.

### Мектепшілік бақылаудың негізгі бағыттары:

- I. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау
- II. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау.

- III. Оқу процесінің сапасын бақылау
- IV. Білім олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау
- V. Оқу-зерттеу қызметі
- VI. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау
- VII. Тәрбие үдерісінің процесін, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау
- VIII. Материалдық –техникалық базаның нығайтын бақылау

### Мектепшілік бақылау жоспары

#### Бақылау түрлері, нысандары мен әдістері

Бақылау түрі – бұл белгілі мақсатпен жүргізілген бақылау нысандарының жиынтығы. Бақылау түрлерінің ерекшелігі оның объектілерінің ерекшелігімен және білімді болжаумен, сондай-ақ бақылау үшін қолданылатын тәсілдермен анықталады.

Өткізу мақсатына қарай бақылаудың екі түрін белгілеуге болады: тақырыптық және жаппай.

**Тақырыптық бақылау** бақылау объектісінің белгілі элементінің (оқушылардың білім, машық пен дағды деңгейі, мұғалімнің, сынып жетекшісінің жұмыс сапасы, мектептік әдістемелік білім беру жұмысы мазмұнының мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі, үйірмелер мен факультативтердің жұмыс сапасы, жеке сабақ өткізу, сабақта қауіпсіздік техникасын сақтау және т. б.) жай-күйі туралы ақпарат алу және толық зерттеу мақсатында сабақ бойы жүргізіледі.

Тақырыптық бақылау нәтижесі бойынша анықтама жасалып, әңгімелесулер, жиналыстар өткізіледі.

**Жаппай бақылау** жалпы бақылау объектісін (әдістемелік жұмыс, оқу-тәрбие жұмысы, сабақтан тыс тәрбие жұмысы, ғылыми-зерттеу және эксперименттік қызмет және т. б.) немесе мектептің жеке бөлімшесінің (параллель сыныптар, мектептік әдістемелік бірлестік, түрлі қызметтер) бір уақытта жан-жақты тексеру мақсатында жылына 2–3 реттен сиретпей өткізіледі.

Демек, мысалы, егер әдістемелік бірлестікке жаппай бақылау жүргізілсе, онда оның қызметінің барлық аспектісі тексеріледі. Егер жаппай бақылау жекелеген мұғалім жұмысына жүргізілсе, онда оның қызметін толық зерттеу қажет болады (пән мұғалімі, тәрбиеші және т. б. ретінде). Бақылау нысаны – бұл бақылауды ұйымдастыру тәсілі.

Мерзімділігі бойынша бақылау мынадай болуы мүмкін

- бастапқы (оқу жылының басында өткен жылғы курс үшін);
- ескертуші (қорытынды, бақылау жұмыстарын өткізудің, бітіру сыныптарындағы емтиханның алдында, жаңа оқу жылында мектепке дайындықты тексеру);
- ағымдық (тақырыппен танысқан соң, оқу орнын тоқсан, жарты жыл бойы бақылау нәтижелері);
- аралық (жыл соңында ауысу сыныбын аттестаттау);
- қорытынды (бітіру сыныбындағы емтихандар, мектептің бір жылдық жұмыс нәтижелері).

Тексеруден өтетін объектілерді бақылауды ұйымдастыру тәсілі бойынша оқу орындарында алты түрлі бақылау нысаны қолданылады:

- дербес;
- сыныптық-жалпылаушы;
- пәндік-жалпылаушы;
- тақырыптық-жалпылаушы;
- шолу;
- кешенді-жалпылаушы.

Бақылау нысандарының мазмұнын былай бөлуге болады:

#### **1. Дербес бақылау:**

- бір мұғалім жұмысын білім беру қызметінің барлық тарапынан тексеру (аттестаттау кезінде өткізіледі);
- белгілі тақырып бойынша бір мұғалімнің (сынып жетекшісінің) (оқытушы қызметінің өнімділігі, жалпы мұғалімнің әдістемелік деңгейі немесе оның қызметінің қандай да бір жағы, мысалы, оқушылар біліміне қойылатын талап деңгейі) немесе нақты оқушының (дарынды, «қиын» және т. б.) жұмысын бақылау.

#### **2. Сыныптық-жалпылаушы бақылау:**

- бір сыныпта (бір параллельде) жұмыс істейтін мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің қызметін, білім, машық пен дағды деңгейін (срез), осы сыныптағы түрлі қызметтің жұмысын бақылау және т. б.;
- белгілі тақырып бойынша бүкіл сынып оқушыларын бақылау немесе нақты мәселені зерттеу (мысалы, бір сыныптағы үй тапсырмасы көлемімен танысу бойынша мұғалімдер тобын бақылау).

#### **3. Пәндік жалпылаушы бақылау:**

- оқушылардың нақты пән бойынша білім, машық пен дағдысының қалыптасуын бақылау, оқу реттілігі мәселесін зерттеу және т. б. (мысалы, 5-тен 11-ші сыныпқа дейін бір пәнді оқытатын мұғалімдер бақыланады);
- нақты тақырып бойынша бір пәнді жүргізетін мұғалімдер бақылаудан өтуі тиіс (мәселені анықтау, көмек көрсету).

#### **4. Тақырыптық-жалпылаушы бақылау:**

- әрбір оқу кезеңінде мұғалім жұмысын бақылау (мысалы, танымдық дербестікті дамыту немесе жалпы оқушы тұлғасын қалыптастыру мәселесі бойынша).

#### **5. Шолушы бақылау:**

- жалпы білім беру қызметінің жекелеген мәселелерін бақылау (мектеп құжаттамасының жай-күйі, еңбек тәртібінің жай-күйі, оқу-техникалық базаның жай-күйі, оқу кабинеттерінің жай-күйі, оқушыларды оқу әдебиетімен қамтамасыз ету).

#### **6. Кешенді-жалпылаушы бақылау:**

- параллель сыныптардағы кешенді мәселелердің жай-күйін бақылау (параллельдегі, оқушының білімі мен тәрбиелік деңгейі, параллельдегі сынып жетекшілері жұмысының сапасы және т. б.).

Жоғарыда аталған бақылау нысанының бәрі бақылау әдістерінде практикалық қолданысқа ие болады.

**Бақылау әдісі** – бұл белгіленген мақсатқа жету үшін бақылауды практикалық тұрғыдан іске асыру тәсілі. Білім беру қызметінің жай-күйін зерттеу үшін бақылаудың барынша тиімді әдістері:

- бақылау (әлденені мұқият қадағалау, танысу, зерттеу); себебін анықтау арқылы талдау, саралау, даму қарқынын анықтау;

- тыңдаушылардың қатысуымен қандай да бір тақырыпқа әңгімелесу, іскерлік сұлбат, пікір алмасу;
- құжаттамамен танысу, әлденемен танысу, анықтау мақсатында мұқият зерттеу;
- сауалнама алу, сауал қою арқылы зерттеу тәсілі;
- хронометраж, қайталанатын операцияларды орындауға кеткен жұмыс уақытын есептеу;
- білімді ауызша не жазбаша тексеру, оқу деңгейін анықтау үшін тексеру.

Барлық бақылау түрі анықталған кемшіліктерді жоюдың ұсынымдарын әзірлеумен аяқталады. Олар білім беру қызметін жақсартуға бағытталуы әрі мектептің шынайы мүмкіндіктеріне сай болуы тиіс.

**Smart мақсат:** Білім алушылардың динамикалық даму мониторингі негізінде оқу-тәрбие үрдісін жетілдіреді, жекелеген ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, функционалдық сауаттылық тапсырмаларын орындау мүмкіншіліктерін және әр оқушының даму мүмкіндіктерін жүзеге асырады. Мектеп қызметінің деңгейін жетілдіреді, мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігі дамиды, білімдегі олқылықтар меңгеріледі.

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жағдайына жүйелі мониторинг жүргізіледі, ұжым және оның жеке мүшелері жұмысындағы білім беру стандартындағы олқылықтар анықталады.
2. Мемлекеттік бағдарламаларды орындау, оқытудың және тәрбиенің қазіргі ғылыми негізделген әдістерін қолдану бойынша мұғалім қызметі тексеріледі.
3. Оқушылардың білім, білік дағдылары PIRLS, TIMES тапсырмаларын орындау арқылы жетілдіріледі, мұғалімдерге кәсіби шеберліктерін жетілдіру және дамыту мақсатында әдістемелік көмек көрсетіледі.
4. Педагогикалық үдерісті жетілдіру бағытында әкімшілік пен педагогикалық ұжым өзара әрекеттеседі.

**Табыс критерийлері:** Кәсіби қоғамдастықта мұғалімдер бірлесіп жұмыс жасайды, оқыту мен оқуды жақсартудағы түйінді мәселелер шешіліп, «Кәсіби даму картасы» жасалынады.

| р/р | Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылау түрі | Бақылау әдістері | Орындау мерзімі | Жауаптылар | Қарау орны | Басшылық шешім | Екінші бақылау |
|-----|------------------|-----------------|-------------------|--------------|------------------|-----------------|------------|------------|----------------|----------------|
| 1   | 2                | 3               | 4                 | 5            | 6                | 7               | 8          | 9          | 10             | 11             |

**Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау**

|   |   |                   |         |                    |       |              |    |         |  |  |
|---|---|-------------------|---------|--------------------|-------|--------------|----|---------|--|--|
